ISSN 2073-333X
Международный научный журнал

Қазақстанның ғылымы мен өмірі
Наука и жизнь Казахстана
Science and life of Kazakhstan

6/2 2020

Әбу Насыр әл-Фараби

Тағылымы терең туынды



Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ресей криминологтар ассоциациясының, Санкт-Петербург, Мәскеу криминологтар клубтарының мүшесі, Халықаралық Қазақстан криминологтар клубының президенті, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, "Қазақстанның ғылымы мен өмірі" атты халықаралық журналдың Бас редакторы **Есберген Алауханов**тың **"Ф.Н.Плеваконың сот мәжілісіндегі таңдамалы сөздері"** атты жаңа кітабы жарық көрді.

Кітап Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы институты Ғылыми кеңесінің және Халықаралық Қазақстан криминологтар клубының шешімімен баспаға ұсынылды.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Бас прокурорының аса маңызды істер бойынша аға көмекшісі, заң ғылымдарының кандидаты, Хабылсаят Әбішевтың пікір жазуының өзі кітап құндылығын аша түседі.

Кітаптың ерекшелігі сол - Ф.Н. Плеваконың бұл еңбегі тұңғыш рет түпнұсқадан қазақ тіліне аударылып отыр. Кітаптың тілі жатық, стилі түсінікті.

Ф.Н. Плевако - XIX-XX ғасырда өмір сүрген, әлемге танымал, атақты Ресей адвокаты, қазақтың жиені. Мұндай талантты қайраткердің тағылымды ғақлия сөздері сот саласындағы азаматтарға аса қажет-ақ.

Кітап заң саласы бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттар мен олардың ұстаздарына және жалпы оқырман қауымға арналады.

Құрылтайшы:
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

Халықаралық ғылыми журнал
Международный научный журнал
International science journal

№6/2

Бас редактор – **Алауханов Е.О.**
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор **– Алауханов Е.О.**
«Заслуженный деятель Казахстана», доктор юридических наук, профессор

Editor-in-chief – **Alaukhanov Ye.O.**
«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor of Law Sciences, professor

Алматы 2020

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

Агыбаев А.Н., Куттыгалиева А.Р.
ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ДОЛЖНОСТНЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ 20
Aitkesh A.K., **Bimoldanov Ye.M.**
FEATURES OF FORMATION AND IMPLEMENTATION OF ANTI-CORRUPTION
POLICY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AT THE PRESENT STAGE 23
Akisheva N.K.
NORMATIVE REGULATION OF KAZAKHSTAN IN THE FIELD OF CULTURAL HERITAGE,
THE ACCESSION OF KAZAKHSTAN TO THE BERNE CONVENTION 29
Алибаева Г.А., Срапилов С.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ 35
Ахметов А.Т.
ЦИФРОВИЗАЦИЯ КАК КЛЮЧ К ПОВЫШЕНИЮ ДОВЕРИЯ НАСЕЛЕНИЯ
К ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫМ ОРГАНАМ (НА ПРИМЕРЕ США И ВЕЛИКОБРИТАНИИ) 41
Вартанян А.М., Джумабаева К.А.
ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ НАСЛЕДНИКОВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ПРАВ
В СУДЕБНОМ ПОРЯДКЕ 46
Галиакбарова Г.Г.
О СУДЕБНОМ ПОРЯДКЕ РАССМОТРЕНИЯ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ
ТРУДОВЫХ СПОРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....52
Дуйсенкызы Э., Тасбулатова А.А.-К.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ПЕКИН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ 58
Ернишев К.А., Беисов Е.Ж., Ашимова Д.И.
БИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕКТІ ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ АНЫҚТАУДЫҢ,
АЛУДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ
САРАПТАМАҒА ЖІБЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ.....64
Zhagypar Zh., Kukkozova E.
THE ROLE OF THE CONSTITUTION IN THE DEVELOPMENT OF CIVIL SOCIETY.....69
Ильясов К., Рүстембекова Д.
ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ.....73
Каппасов Е.Т.
ВЛИЯНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ РЕЦИДИВА
ПРЕСТУПЛЕНИЙ НА КРИМИНОЛОГИЧЕСКУЮ КАРТИНУ ПРЕСТУПНОСТИ 77
Кемали Е.С., Сыздыков А.Ж.
СТАНОВЛЕНИЕ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА
И ЕГО РОЛЬ В РАЗВИТИИ ИНСТИТУТОВ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....81
Койшыбайулы К., Тажмагамбет А.С.
ТЕОРЕТИЧЕСКО-ПРАКТИЧЕСКИЕ ЗНАЧИМЫЕ ПРАВОВЫЕ
АСПЕКТЫ СТРАХОВОГО СЛУЧАЯ И СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ.....88
Колесников Ю.Ю.
ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ И ОРГАНИЗАЦИОННАЯ СТРУКТУРА
ДЕЖУРНЫХ ЧАСТЕЙ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ 94
Колесников Ю.Ю.
ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ДЕЖУРНЫХ ЧАСТЕЙ ОВД КАЗАХСТАНА.....98
Копбаев Д.З., Қойшыбайұлы К.
КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ЖАУАПТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ.....103
Махамбетсалиев Д.Б., Есекеева А.А.
ВЕРХОВНЫЙ СУД США КАК ИНСТИТУТ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ 107
Мусаева А.Я., Бектурганова Р.Ш.
ДОГОВОРНЫЙ РЕЖИМ ИМУЩЕСТВА СУПРУГОВ.....114

Omarbekova N.B., Kuanysheva I.K.
LEGAL SUPPORT OF TOURIST ACTIVITIES 119
Сман А., Гахарманова Н.Б.
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН 126
Сман А., Дусанбекова М.А.
О НЕКОТОРЫХ ТЕОРЕТИКО-ПРАВОВЫХ ВОПРОСАХ ЗАЩИТЫ ПРАВ
И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН,
ПРОБЛЕМЫ ИХ ГАРАНТИРОВАНИЯ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ 130
Сыздықов А.Ж., Есмаханов Т.Е.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҮРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
ПРОФИЛАКТИКАСЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ 135
Тажмағамбет А.С., Зейнелов Б.С.
АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЕРКІНДІГІ – БҰЛ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІҢ ҮСТАНЫМЫ 140

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА –
PEDAGOGICAL SCIENCE**

Абилова О.А., Кудышева А.А.
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҮЙЫМ ПЕДАГОГЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ 145
Анарбек Н., Тулепова Л.М.
КОНСТРУКТ ПОСТРОЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЛИЧНОСТНЫХ
КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ВУЗОВ 150
Байменова Ү.С., Битемирова А.Е.
ХИМИЯНЫ БИЛИНГВАЛДЫ ОҚЫТУ 161
Дәулеткұлова А., Баятова Ш.
ФУНКЦИЯНЫҢ ШЕГІ МЕН ҮЗІЛІССІЗДІГІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА
ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ 165
Ермекбаев М.Ә., Қойшыбаева Н.
БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ
НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ 168
Ермекбаев М.Ә., Қойшыбаева Н.
PRAGMATIC BASES OF LANGUAGE TEACHING IN PRIMARY SCHOOL 173
Есенова М.И., Гултораева Н.Х.
К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ УЧЕБНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ
УЧАЩИХСЯ ОСНОВНОЙ ШКОЛЫ 177
Жаналиева Р.Н., Кистаубаева Д.М.
СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СИСТЕМ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА И СТРАН ЕВРОПЫ 183
Жаскиленова А.Е., Кошкинбаева Н.Р.
КӨРКЕМ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПЕДАГОГТАРҒА ДЕГЕН
ҚОҒАМДАҒЫ СҰРАНЫС КЕЗЕҢДЕРІН АНЫҚТАУ 189
Жияшева Ж.Ш.
БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ ОРТАСЫ МОДЕЛІН
ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 194
Жүзеев С.Ә., Жайлауова М.К.
ҚАЗАҚ ЭТНО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ
БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ 201
Жүзеев С.Ә., Төлебаева А.Т.
ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: СЫРЫ МЕН СИПАТЫ 205
Исламгалиева В.Ж., Абдиргазиева А.Б.
ПРЕПОДАВАНИЕ РУССКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ:
ОСОБЕННОСТИ УРОВНЕВОГО ОБУЧЕНИЯ 209
Кенжегалиев Қ.К., Молдахметова Н.А.
МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАР МЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ 214
Kerimbaeva K.Z., Bitemirova A.E., Kurmanbekova K.A.
SYSTEM – ACTIYITY APPROACH TO TEACHING THE THEME
«COMPLEX COMPOUNDS 220

Кистаубаева Д.М., Жаналиева Р.Н.
ПРИМЕНЕНИЕ РАЗЛИЧНЫХ ВИДОВ ТЕХНОЛОГИЙ
В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ 225
Кодекова Г.С.
ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА
УРОВНЕ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ КАЗАХСТАНА 230
Кульбаева Б.С., Комарова Д.Т.
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ
ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЙЫМДАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ 235
Қашқынбаева З.Қ., Абдрасилова Г.Л.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ 240
Қашқынбаева З.Қ., Абжапарова М.Т.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ.....245
Қашқынбаева З.Қ., Жуанышова А.Т.
БАЛАНЫ СЕНСОРЛЫҚ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....250
Қашқынбаева З.Қ., Жуанышова А.Т.
ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕТІКТЕРІ 255
Қашқынбаева З.Қ., Заурбекова А.М.
ПЕДАГОГТЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ – ҒЫЛЫМДЫ МЕҢГЕРУДІҢ НЕГІЗІ 259
Минажева Г., Садырова М.
ВЛИЯНИЕ РЫНОЧНЫХ УСЛОВИЙ НА РОЛИ И ОБЯЗАННОСТИ
ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ.....263
Минажева Г.С., Садырова М.С.
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІН
ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПРОБЛЕМАЛАРЫ 270
Мыңбаева Н.Қ.
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ 277
Назарбек Т.С., Гайруллаева Р.М.
ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ
ШЕШУДЕ ЖОСПАР ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 281
Осимбаева А.Қ., Өмірбек С.Ж.
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ
БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҮЙЫМДАСТЫРУ.....285
Оспанкулов Е.Е., Кеңесбаев С.М.
ЖАЛПЫ ДАМЫТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗБЕТІМЕН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН
ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 290
Өмірзақова Ә.М., Игенбаева Р.Т.
ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН
ҮЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 296
Смирнов И.Н., Стукаленко Н.М.
ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЕЙ
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ К СПОРТИВНОЙ РАБОТЕ.....300
Токпанов А.А., Стукаленко Н.М.
ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ
У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ.....305
Tuleshova K.T., Satekova U.N.
THE DIGITAL TECHNOLOGY IN DEVELOPING
THE STUDENTS' WRITTEN DISCOURSE.....311
Тютенова А.А., Гумарова Л.Ж.
ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ CLIL
НА СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТУЮ СИСТЕМУ И ДВИГАТЕЛЬНУЮ
АКТИВНОСТЬ ШКОЛЬНИКОВ 317

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Абилхамитқызы Р., Сағатова Ш.
Г. САЛЫҚБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ 325

Абилхамитқызы Р., Сағатова Ш.
МИФТЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ 330
Аккузова А.А., Қайырбекова Ү.С.
КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ 334
Аккузова А.А., Қайырбекова Ү.С.
КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР – КЕЙІПКЕР – ОҚЫРМАН ҮШТАҒАНЫНЫҢ
КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК
СИПАТЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....340
Алдабердикызы А., Есенова Н.Б.
НОВЫЕ МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ
НА УРОКЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА: УЗКОЕ ЧТЕНИЕ.....345
Әбсаттар Ә.М.
ТЕЛЕВИЗИЯ ДИСКУРСЫН АНТРОПОӨЗЕКТІК ТҮРҒЫДАН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ 351
Даутова Г.Р., Ахмет А.Н.
ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ «БАТЫР-ЖАУ» ҚАРСЫЛАСУЫ.....356
Дауылова Д.Ж., Есембеков Т.О.
КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ РЕАЛИЙЛЕРДІ АУДАРУДЫҢ АМАЛДАРЫ.....361
Дильманова М.Т.
СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ГУАНЬЮНЪЮЙ С КОМПОНЕНТОМ
«ГОЛОВА» В СОВРЕМЕННОМ КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ 365
Жунусова У.К., Ислам А.
ОБ ЭВФЕМИЗМАХ, ЭВФЕМИИ И ЭВФЕМИЗАЦИИ:
ОБЗОР ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ И ПЕРСПЕКТИВА ИССЛЕДОВАНИЯ 369
Zalledinova Zh.
METAPHOR AS A COGNITIVE MECHANISM FOR THE FORMATION OF CONCEPTS.....374
Ибрайханова А.Қ., Искакова Ж.М.
САПАРҒАЛИ БЕГАЛИННІҢ АҢЫЗ СЮЖЕТІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ПОЭМАЛАРЫ.....378
Избасарова Э.И.
Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫН ТАЛДАУДЫҢ
НЕГІЗГІ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ 386
Кенжеханова Ж.М., Шаймарданова Ж.А., Нуртазина М.Б.
ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ
ЭВФЕМИЗМОВ В ТЕКСТАХ СМИ.....391
Клюшина З.В.
МОДУСЫ УБЕДИТЕЛЬНОСТИ В ТЕКСТАХ СЕТЕВОГО МАРКЕТИНГА 398
Kogabayeva A.M., Ryssaldy K.T.
COGNITIVE-CONCEPTUAL AND LINGUISTIC ANALYSIS OF BRITISH PR-TEXTS 404
Коптлеуова К.Б.
ПРОЯВЛЕНИЕ ИНТЕРКАЛЯЦИИ ПРИ
КАЗАХСКО-РУССКО-АНГЛИЙСКОМ ТРЕХЪЯЗЫЧИИ 411
Култанбаева Н.К., Исакова С.С.
ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАРЫ 415
Kurkimbayeva A.M., Zheltukhina M.R.
HYPERTEXTUALITY IN TOURISM BLOGGING 422
Кушкарова Г.К., Берикова Э.Р.
ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ СӨЙЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ.....427
Қожахметова Г.А., Тажибаева С.Ж.
КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА «БЕЛДІК/БЕЛБЕУ» ҰҒЫМЫН АУДАРУДЫҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЖАҚТАРЫ.....432
Мамбетова М.К., Мырзабек Б.М.
ТІЛДІК САНАДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ КОНЦЕПТІСІ 441
Момбек А.А., Асқарова А.Ш.
МАГИЯЛЫҚ ПРОЗАНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ.....445
Мұсабекова Ү.Е., Асабаева А.М.
ҚАЗАҚСТАНДА КӨПТІЛДІЛІК ПРИНЦИПІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 449
Омарова Г.Ж.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СӨЗДІКТЕРМЕН
ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ 454

ӘОЖ 821.512.1.0.

Даутова Гүлназ Рахымқызы,
PhD доктор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ.

Ахмет Ақбөпе Нұрқадырқызы,
магистр,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ «БАТЫР-ЖАУ» ҚАРСЫЛАСУЫ

Аңдатпа: *Мақалада қазақ эпостарындағы батыр бейнесі, қызметі мен жаулары туралы қарастырылады. Көне эпостарда батыр жеке бастың, жанұяның қамын ойласа қаһармандық эпостарда таным мен мұраттың, қабілеттің едәуір өскені сипатталады. Батыр-жау қарсыласуы сөз болады.*

Кілт сөздер: *қаһармандық эпос, эпикалық жаулар, жатжұрттық басқыншылар, батыр қызметі.*

Аннотация: *В статье рассматривается образ героя в казахских эпосах, его действия и враги. В архаических эпосах герой заботится о себе и своей семье, а в героических эпосах познания, идеалы и способности значительно возрастают. А также в статье рассмотрены о героическом противостоянии.*

Ключевые слова: *героический эпос, эпические враги, иностранные захватчики, функции батыра.*

Abstract: *The article discusses the image of the hero in Kazakh epos, his actions and enemies. In archaic epics, the hero takes care of himself and his family and in heroic epics of knowledge, ideals and abilities increase significantly. The article also discusses the heroic confrontation.*

Key words: *heroic epic, epic enemies, foreign invaders, Batyr functions.*

Кіріспе

Қаһармандық жырлар – эпостың ең үлкен, ең қызықты бөлігі. Ең негізгі идеясы мен көтерген тақырыбы түрғысынан оларды теңдессіз шығармалар деп танимыз. Мұнда қазіргі ұранға айналған «Мәңгілік ел» тақырыбы да, дамыған мемлекеттер көксеген, демократиялық көзқарастардың барлығы: тыныштық, ел бірлігі, патриоттық сана-сезім, ел ісінде бір болу, күш жұмылдыру, жеке бастың мүддесінен гөрі, халық мүддесін биік қою, әлсізді демеу, басқыншыны тежеу, өз Отаның үшін мамыражай, бақуатты тіршілік армандау және тек армандап қана қоймай, іске асыру, қарекет қылу тұтастай қамтылады.

Белгілі эпостанушы, ғалым Б.У. Әзібаева қаһармандық жырлардың екі мың жылдық тарихын тұтас қамти отырып, оларды шартты түрде екі топқа жіктейді. Айта кету керек бұл жіктеу эпостың ел қорғау, жер қорғау идеясына негізделе отырып жасалған. Сонымен, ғалым қаһармандық жырларды: «1) қазақ эпосының классикалық үлгілері, яғни жекелеген ру-тайпалардың тәуелсіздігі мен тыныштығы үшін күресетін, ешқашан жеңілмейтін батырларды жырлайтын шығармалар; 2) қазақ қаһармандық эпосының құрамындағы ноғайлы циклы, яғни жеке ру-тайпаның емес, жалпы ноғайлы жұртының батырларын жырлайтын шығармалар» [Бердібаев Р., 1997, б. 27], – деп топтайды да, алғашқысына "Алпамыс батыр", "Қобыланды батыр", "Қамбар батыр" эпостарын жатқызып, бұларды "ру-тайпалық эпостың жарқын үлгісі" деп табады. Екінші қатардағы ноғайлы циклының эпостар қатарына "Қарасай мен Қази", "Ер Сайын", "Орақ", "Шора батыр", "Ер Көкше", "Мамай", "Ер Қосай", "Қырымның қырық батыры" тізбегі мен "Ер Тарғын", "Едіге" жырларын жатқызады. Алғашқы топтағы классикалық жыр үлгілерінің варианттық ауқымдылығы мен сарындық желілерінен тарта отырып, олардың шығу тарихы мен пайда болу кезеңдерін көне түркілік кезеңдерге балайды. Ал, екінші топтағы ноғайлы жырларының генезисіне қатысты: "Бұл эпостардың тарихи фонын Алтын Орда мен Ақ Орда құлап, оның орнында Қырым, Аштархан, Қазан, Ноғай мен Қазақ хандықтары пайда болған XIV – XVII ғасырлардағы оқиғалар құрайды" [Бердібаев Р., 1997, б. 34], – деп, тарихи байланыс орнатады.

Қарап отырсақ, Алпамыс қоңырат тайпасының қамын жесе, Қамбар арғын тайпасының болашағы үшін күреседі. Осы секілді Қобыланды да қыпшақ тайпасының ортасында дүниеге келіп, солар үшін күреседі. Ноғайлы кезеңінің жырлары да – қаһармандық жырлар. Онда да тұтас елдің тағдырын ойлау

батырдың негізгі мақсаты. Бұл туралы ғалым Р.Бердібаев: "Қазақтың өзге батырлық жырларында да ("Қарасай – Қази", "Шора батыр", "Қырымның қырық батыры", т.б.) жеке бастың емес, бүкіл халық немесе тайпа тыныштығы үшін күресетін ерлердің ірі елдік істері алғы кезекке шығарылып көрсетіледі" [Әзібаева Б., 2014, б. 39], – деп әділ бағасын берді.

Негізгі бөлім

«Қаһармандық эпостың басты тақырыбы – ру-тайпасын, туған жерін басқыншы жаулардан қорғау. Сондықтан оның сюжеттері түтастай болсын, жекелей болсын, осы тақырыпты ашуға жұмылдырылады» [Бердібаев Р. Э., 1997, б. 25]. Бұл қаһармандық эпостың барлығына айтылған пікір. Ондағы негізгі идея мен тақырып осы. Жырды тудырушы және жылдар бойы өңдеуші халық, атадан рухани мұра еткен үрпақ жырлардың осы табиғатын сақтап келгендігінде үлкен мән жатыр. Ел үшін оның тыныштығы мен бірлігінен, бейбіт күнінен маңызды ештеңе жоқ. Ал, тарихи шындықтағы ғасырларға созылған толассыз соғыстар, оның күйігі мен қорқынышы, сол жолда атқа қонған асыл ерлер тағдыры эпостардың бір ғана биік мұрат пен арманды арқалай дүниеге келіп, сол мұратты ешқашан жоғалтпай келгендігін түсіндіріп береді.

Қаһармандық эпос табиғаты сан қырлы және жырлардан оны тудырушы халықтың мұраты желдей есіп отырады. Ғалым Р. Бердібаев ерлік пен елдік эпостарының табиғатына тән нәзіктікті жақсы байқаған. Зерттеуші: «Жырларды оқу үстінде және де бір заңдылықты аңғарғандай боламыз. Ел жадында әйтеуір батырлық, күштілік атаулының бәрі сақтала бермейді екен. Батырлық, ру, тайпа, ел қорғауға, азаттық күреске жұмсалғаны ғана ерекше ілтипатқа алынған. Рулар арасында жүріп отырған әдеттегі талас немесе көрші халықтарға жасалған әділетсіз шабуыл халықтың эпикалық санасында сақтала бермейтіндігі байқалады. Кейде рулар арасындағы барымта немесе өзге елдерге жасалған әділетсіздік эпостан көрініс тапқанмен, олар мадақталмай, қайта кінәлеу, айыптау түрғысынан жырланатынын аңғару қиын емес. Өмірде жақсы істердің ғана өлмес даңққа ие болатыны секілді эпостың талғайтыны да қалың қауымға пайдасын тигізген ірі оқиғалар болмақ» [Әзібаева Б., 2014, б. 37], – дейді. Яғни, батырлықтың "ру, тайпа, ел қорғауға, азаттық күреске жұмсалғаны ғана ерекше ілтипатқа" алынғандығын айтады.

Осындай пікірлер легінен кейін қаһармандық эпостарды зерттеушілердің еңбектері бір ғана лейтмотивтен ажырамауы керек. «Әрине әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік сарыны түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздаулардың басты пафосы – ерлік, Отан қорғау болып келеді» [Әзібаева Б., 2014, б. 35]. Яғни, елі мен жерін қорғау аталмыш эпостардың өзегі екендігі әрқашан басты назарда.

Эпостағы эпикалық жаулар тарихи шындықтағы жаулармен түспа-түс келіп отырады. Десек те, эпостарда кездесетін жаулар екеу ғана. Олардың ең жиі ұшырасатыны қалмақ, сирек кездесетіні қызылбас елі. Қызылбас елі деп отырғанымыз селжүктер дейтін байырғы әскерлердің қазақ эпостарындағы атауы екенін білеміз. "IX–X ғасырлардағы селжүк оғыздары мен қыпшақтардың тайталасы кезінде селжүкшілер басына қызыл матамен тысталған бөрік кигендіктен "қызылбас" аталған" [Батырлар жыры, 2006, б. 12]. Эпостарда кезігетін тағы бір көне жаудың атауы – Ындыс. Ындыстар туралы ғалымдар Қ. Жұмалиев пен С. Қасқабасовтар былай дейді: "Ындыстар ежелгі Хорезм мемлекетінің, яғни антика дәуірі (осыдан 2-2,5 мың жыл бұрын) тұсындағы қазақ сахарасында, Арал мен Сырдария, Маңғыстау мен Атырау атырабында мекен еткен ру-тайпалармен соғысып отырған сол шақтағы Үндістанның (Хиндустанның) жауынгерлері болуы мүмкін. Үнді жұрты өзін "хиндус", ал мекенін "Хиндустан" деп атайтынын, сондай-ақ оларды көршілес елдердің "индус" дейтінін ескерсек, қазақ эпосындағы "ындыс" сөзінің қайдан шыққанын байқау қиын емес" [Батырлар жыры, 2006, б. 12].

Түркі халқының сан ғасырлық жаугершілік ғұмырында жаулардың бұдан әлдеқайда көп болғаны белгілі. Демек, эпостарда кездесетін жаулар эпикалық жинақтаудан туған болып келеді. Қазақ халқының ұзаққа созылған соңғы үздіксіз соғыстары қалмақтармен болды. Осыған байланысты оған дейінгі моңғол, жоңғар, ойрат, шүршіт секілді тарихи жаулар ұшыраса бермейді. Бұлар бір халықтың әртүрлі тайпалық құрамына қатысты туған атаулар екенін білеміз. Бірақ эпикалық шығармаларда тек қалмақ атауы немесе оны алмастыратын «кәпір» атауы кездесіп отырады. Қалмақ негізгі жау болатын эпостық туындылардың қатарына жалпылай айтқанда барлық қаһармандық эпостар кіреді. «Қобыланды батыр» жырында қаһарманның айқасатын жауларының үлты бірде қалмақ, бірде қызылбас деп аталады. Осының өзі де эпикалық жинақтаудың заңдылығына тән құбылыс» [Әзібаева Б., 2014, б. 36], – дейтін пікір осы ойымызға бірден-бір дәлел.

Қайсібір жырларда болсын, санаулы ғана жаудың кездесіп отыруының ендігі бір себебін мына бір пікірден байқасақ болады: «Жыршы мен тыңдаушы жүртшылық үшін жаудың аты кім болғаны онша есеп емес, сол дүшпанды жеңіп, кеткен есені қайтару, елдің бірлігін қалпына келтіру, бейбіт өмірге қолын жеткізу маңызды. Басқа жырлардағы эпикалық жаулар табиғаты туралы да осыны айтамыз. Бүкіл қазақ жырында эпикалық жаулардың екеу-ақ − қалмақ пен қызылбас болып келуі де осы пікірімізді дәлелдей түседі» [Әзібаева Б., 2014, б. 36], – дейді. Яғни, жырлардың тәлімдік, тәрбиелік маңызының басым болуы ондағы тарихилықтың салмағын әркез бағамдай бермейді. Б.У. Әзібаеваның: "Шора батыр туралы эпос тарихи оқиғаларға негізделсе де, шынайы тарихты қуаламайды. Қарастырылып отырған эпоста қорғаушы батыр, жеңімпаз-батырдың дәстүрлі бейнесі сомдалған" [Бердібаев Р., 1997, б. 48], – деуі осы ойымызды нығарлай түседі. Эстетикалық биіктерді бағындыру үшін, қызығушылықты арттыру үшін, өнегелі істерді дәріптеу үшін, шынымен, жаудың аты мен түр-түсін тәптіштеп баяндап жату аса маңызды емес.

Классикалық қаһармандық эпостардың биік мәдени-тарихи өреге көтерілуі ол арқалап туған арман мен көздеген мұратқа байланысты дедік. Алғашқы туған көне эпостарда батыр жеке бастың, жанұяның қамын ойласа қаһармандық эпостарда таным мен мұраттың, қабілеттің едәуір өскенін көреміз. «Қаһармандық эпос ғасырлар бойы қалыптасады. Қалыптасу тарихында ол өзіне дейінгі архаикалық эпостың эволюцияға ұшырап, трансформацияға түскен негізгі параметірлерін жаңа деңгейде, жаңа сапада бойына сіңіреді» [Бердібаев Р., 1997, б. 25], – дегенде ғалым осыны айтқан болуы керек. Яғни, бас қаһарман енді жеке мүдде қумайды. Ол үшін халықтан, туған елден, оның бірлігі мен тыныштығынан маңызды ештеңе жоқ. Ол осы мақсат пен мұрат жолында басын бәйгеге тігуге бар. Мәселен, "Сайын батыр" эпосында жеті жастағы жас Сайын шаппаққа келген жаумен ұзақ соғысып, кері шегінгенше, өлгенді жөн көреді. Ақыры ауыр жарақаттанған батыр жеңіліс табады. Ерлік жолында ұрыс салған жап-жас батырды жазушы-ғалым М.О. Әуезов өлдіге санайды дейді Б.У. Әзібаева. Сонымен қатар, жазушы-ғалымның зерттеуіне сілтеме бере отырып: "М.О. Әуезов бастапқы нұсқада Сайын батыр ұрыста қаза табады деп топшылайды. Себебі Сайын жорықтың сәтсіз аяқталатынын ескерткен жауырыншының болжамын елемей, аттанып кетеді. Ғалымның пікірінше, оқиғаның сәтті аяқталуы – кейіннен кіргізілген қоспа" [Бердібаев Р., 1997, б. 51], – деген дерек келтіреді.

Осы секілді "Қамбар батыр" жырындағы батырдың "Сөйлесе кетсем сұлумен, кетермін деп қызығып", – деп Назымдай сұлудан бас тартуы тоқсан тобырлы тайпасының қамын кім ойлайды деген ойдан ғана айтылғандығы кәміл. Ал, батырлардың жорықтары еріккен ердің ермегі емес. Жырлаушы ел қамын жеп қалың қолға қаймықпай жалғыз кіретін жауынгер бейнесіне ерек шабытпен жырлап отырады.

«Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың Отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адам қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады. Бұл жөнінде фольклоршылар пікірі бір жерге түйісіп отырады» [Әзібаева Б., 2014, б. 35], – дейді Р. Бердібаев. Яғни, жырды тудырудағы мақсаттар мен қажеттіліктер санаулы боп келеді. Бірақ ол ең ұлы мақсаттар мен міндеттерді, қажеттіліктер мен аңсарларды арқалап қана туғандығында сөз жоқ. Осыдан оның танымдық та, эстетикалық та және идеологиялық та негізгі функцияларын өтеп отыруы заңды.

Эпикалық жырдағы батыр әркез туған жерін жатжұрттық басқыншылардан қорғау үшін қырғын ұрыс сала бермейді. Көбіне халқын азат ету жолында немесе сол халқына төнген қауіпті қайтару үшін соғыс жүргізумен қатар сүйген жарын қайтару немесе қол жеткізу үшін де соғысу мотиві бар екенін айта кету керек. Жырлардағы осынау ұрыс салу себептерінің негізгісі мейлі кек алу болсын, мейлі сүйген жарды азат ету мақсаты болсын туған елінің тағдырын ойлау деп жинақтауға болады. Әрине, жырлардағы негізгі соғысқа себеп туған жер үшін, атажұрт үшін күрес екені былай да түсінікті.

Байқап отырсақ, соғыстың тууына көп жағдайда бөтен елдің басқыншылығы, астамшылығы себеп боп отырады. Олар не жерге, не елге, не мал мен дәулетке қызығып, не сол елдің асқан сұлу қызын даулап келуі мүмкін. Ал, әдетінше елдегі ең ақылды, әрі асқан ару қыз батырға ғана тиесілі. Ол елдер қалмақ, қызылбас деп суреттеліп, "жау", "кәпір", "дінсіз" деп аталады. Және бірінші болып соғыс ашқан соң, тиісінше күтпеген қарсылыққа тап келеді. Қарсыласатын әлі күшін танытып үлгермеген – бас қаһарман. Бас қаһарман, яғни батыр, алдымен ел қорғау үшін және екіншіден ел іргесіне жау

келді дегенді есітіп, делебесі қозады. Майдан алаңынан жеңіспен оралып, абыройға ие болады. Осыған бір мысал ретінде "Қамбар батыр" жырын алайық. 1) Әзімбай ханның қызы Назымның асқан көркіне құлақпен қанып, соны бір алмаққа іс ойлаған қалмақтың ханы Мақия еді. 2) Ал, Назым Қамбардай батырға сырттай ғашық болып, жау келмей түрып көрісіп те үлгерген. Қамбар да қызды көргенмен, қызығып кетсем тоқсан тобырлы елім не болмақ деп бойын аулаққа салған-ды. Яғни, сюжеттің даму заңдылығына байланысты хан қызы батырға ғана тиесілі. Өйткені, Назымды алмаққа жиылған байы бар, бағланы бар, биі бар, төресі бар, жалпы саны сексен отауға арнайы қонақ боп түскен қалың қараның жолы болмады. Олардың он екі жасар Назымдай қыздан енді үміті жоқ. Жырлаушы осылай көп қараның ішінен Назымға лайықтысын Қамбар етіп шығарады. 3) Қамбар – аңшылығымен кедей елін асырап күнелкен азаматтығымен танылғанымен, майдан алаңында жарқылдап көзге түсе қоймаған он екі жасар (кей нұсқасында он сегіз жасар) батыр. 4) Қамбар осылай он екі мың қолды қалмақтан қалың ноғайлы елі мен қара көзді жалғыз сұлуды арашалап қалады.

Осында батырдың отыз обырлы, тоқсан тобырлы еліне деген махаббаты анық көрініп отырады. Ол жауды жеңіп келген соң да Әзімбайдай азулы ханға қызыңды берсен тездетіп бер, алыстағы елім аштан қалып барады деп тайсалмай сөйлейді. Ауларға аң таусылғанда да:

Отыз үйлі обырдың,
Тоқсан үйлі тобырдың
Тілегін, Құдай, бермедің.
Зарланғанын, Жасаған,
Құдіретіңмен көр-сәна.
Біреуі аштан өлсе де,
Обалы менің мойнымa,
Көзінің жасы зарланып,
Төгілер менің қойнымa [Бабалар сөзі, 2007, б. 18], – деп зарланады, түн орасы

болғанша төсектің үстінде көйгөй тартып жылайды. Жауға аттанарында ағаш түбіне ат басындай алтын жасырғанын, соны еліне таратып беруін де анасына тапсырады, айлық азық қылғанға аң етін үйіп беріп те кетеді. Бұл Қамбардың кедей жұртына деген махаббаты ретінде ашық суреттелмегенімен, жырлаушы астармен жеткізіп, тыңдаушы айқын түсінерліктей беріліп отырады.

"Қамбар батыр" эпосымен мазмұндас ноғайлы циклына тиесілі жырлардың бірі "Қарабек батыр" эпосы да сюжеті жағынан Қамбармен ұқсас. Мұнда да қалмақтың ханы ноғайлының қызына ғашық болады. "Қамбар батыр" жырында Назымға ғашық болып, он екі мың әскермен ноғайлының іргесіне келіп, Назымды күштеп алмақшы болатын қалмақтың Мақия атты ханы болса, "Қарабек батыр" жырында оят пен қияттың ханы Қадырханның сұлу қызы Ханбибіні түсінде көріп, ессіз ғашық болып, бір түмен қолмен тартып алмақшы болатын Қараман атты қалмақтың ханы. Қамбар секілді Қарабек те ел іргесіне келген қалың қалмақты күйрете жеңеді.

Жатжұрттық басқыншылармен болған соғыстың алуан түрлісі топтастырылған жыр үлгісі – "Қобыланды батыр" жыры. Мұнда батыр қалмақпен де, қызылбаспен де айқасады. Қазан хан елімен, Көбікті батырдың елімен, Алшағыр ханмен өткен айқастар жеке-жеке сипатымен ашылады. Қобыланды Қазан ханды, қызылбастардың елін шауып, жолай Көбікті батырды өлтіріп қайтып келгенде ауылының өртенген орнын ғана сипап қалады. Шаңырағы ортасына түсіп, шырқы қашқан ауылынан тірі жан таппай, көзін жас, көкірегін от шарпиды:

Таң ата Қобылан қараса,
Жұрты жатыр, елі жоқ,
Батпағы жатыр, көлі жоқ,
Сандалып жүрген бала жоқ.
Табанына тиді шоқ,
Жанды қара бірде жоқ.
Балта кеспес мұртына
Сүйексіз тілім бел қылды.
Сәске мезгіл болғанда,
Шауып келді Қобыланды
Бұлаңдаған Құртқаның
Отауын тіккен орнына.

«Қобыланды батыр» жырында батырлар бастан-аяқ қыпшақ елінің, кең мағынасында ноғайлы жұртының мүддесі үшін күреседі» [Әзібаева Б., 2014, б. 37]. Ондағы батыр бейнесі елі мен жарын қорғау жолында сан қырлы қайратымен, ерлік пен батырлықтың биік үлгісін көрсетумен ашылады.

«Халықтың әділетсіз соғыстарды, кімге де болса нақақтан тиісіп, зәбір көрсетуді қолдамайтын көзқарасы эпостың өзінен де айқын көрініс беріп отырады. «Қобыланды батыр» жырында Қобыланды, Қарамандар Қазан ханды жеңіп қайтар жолында Көбіктінің де елін «олжалай» кетпек болған әрекеті тосын қиыншылықтарға кездестіретіні мәлім. Осы жолы Қобыландының өзі қолға түсіп, Қарлығаның көмегімен ғана тұтқыннан босайды. Эпикалық сана әділдік пен қиянат мәселесінде ешқашан ауытқымай, адаспай отыратынының бір мысалы осы» [Әзібаева Б., 2014, б. 37], – деген ғалым Р. Бердібаев сөзінде үлкен мағына бар. Байқап отырсақ эпикалық жырлардың өзіне тән әділдігі, таразысы, шешімі бар. Жырларды тудырып, тарих тақтасында есімі өшкен, ұмыт болған авторлардың алғашқы нұсқалары бізге беймағлұм болған соң фольклорлық шығармалар, оның ішіндегі эпостар халық шығармашылығы деп есептелмейді. Ол туған сәттерден бастап ауыздан-ауызға тарау процесінде сан мыңдаған ұрпақтың талғамынан, ақыл-ойынан пісіп жетіліп, өмір сүру, даму жолында өткерген уақыттың барлық талаптарын өтеп, мінсіздікке үнемі қол созып отырған соң халық шығармашылығы болып табылады. Осыған орай эпостар табиғаты адами-гуманистік ойларды, қоғам өмірінің көптеген салаларына, жағдайларына байланысты туралықты, өмір сүрудің жақсы қағидаларын көрсетеді. Әлеуметтік проблемаларды көтере отырып әділ, тура шешім ұсынып отырады. Жырды арқалай туған негізгі идеясына байланысты ерлік пен елдікті, батырлықты дәріптейді. Р. Бердібаев сөзіндегі: "Халықтың әділетсіз соғыстарды, кімге де болса нақақтан тиісіп, зәбір көрсетуді қолдамайтын көзқарасы эпостың өзінен де айқын көрініс беріп отырады. Эпикалық сана әділдік пен қиянат мәселесінде ешқашан ауытқымай, адаспай отыратынының бір мысалы осы", – дегендегі айтар ойының денін жоғарыдағыдай түсінсек болады.

Қорытынды

Қазақ эпосы материалдарының көрсетуінше, елге қауіп төнген жағдайда батырдың дәрежесі ханнан да жоғары болған. Қорғаушы батыры о бастан белгіленген. Әдетте ол жасы келген ата-ананың көптен күткен, сұрап алған ұлы болады (кейде баланы тек ата-анасы емес, бүкіл халық, тайпа/ ру сұрайды). Батыр Тәңірден үздіксіз тілегені үшін, байлықтан бас тартып, садақа бергені үшін және т.б. жасы келген ата-анаға берілетін сый. Басқаша айтқанда, аңызшылардың айтуынша, жоғары күштер болашақ батырдың пайда болуына белгілі бір деңгейде әсер етеді, бұл ежелгі құдайлардың және тайпалық кейіпкерлердің Құдайдың түпнұсқалығының көне мотивтерінің қалдықтары болып табылады.

Қорыта айтқанда, XVIII ғасырдан бергі 300 жылға жуық уақыт аралығында қазақ халқының басынан талай тарихи оқиғалар өтті. Олардың барлығы бірдей болмағанымен, ел тағдырына елеулі әсер еткен күрделі кезеңдері тарихи жырда бейнеленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Олар халықтың жауынгерлік тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, ұзақ уақыт бойына саяси тұрғыдан бұғатталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бердібаев Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
2. Әзібаева Б. Қазақ эпосының сюжеттері. – Алматы: Servise Press, 2014. – 575 б.
3. Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры. Астана: Фолиант, 2006. – Т.33 –364 б.
4. Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – Т.43. – 416 б.